

Н. Төрөкұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде 2023 жылдың 18 қазан күні өткізілген 8-11 сынып оқушыларының жалпы қыздар жиналысының

хаттамасы. №1

Өтетін жері : Мәжіліс залы

Күні : 18.10.2023 ж

Сағ : 12: 00

Қатысқан оқушылар саны: 193

Қатысқандар:

Психологтар : Г. Аманбекова . М.Қонақбаева

Қыздар кеңесінің төрайымы: Л.Искендірова

8-11 Сынып жетекшілері

Күн тәртібінде:

1 Қыздардың мектеп қабырғасындағы тәртібі және формасы

2 «Бой түзеу – әуелі ой түзеу» тақырыбында тренинг өткізу.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы Л.Искендірова қыздардың мектептің ішкі тәртібі бойынша және мектеп формасының сақталуы туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Қыздардың мектеп формасына қойылатын талаптарды орындалуын , мектеп қабырғасынд қыз балалардың тәртібі барысында мектептің қыздар кеңесінің атқаратын жұмыстарна тоқалып өтті. Күнделікті сабаққа толық қатысуын , мектеп формасын киіп келуін және қыз балаға қажетті ақыл кеңестерін айтып өтті.

Келесі кезекте мектебіміздің психологі Г. Аманбекова қыздар арасында «Бой түзеу – әуелі ой түзеу» тақырыбында тренинг өткізіп , қыз балалардың біршама ойын жинақтап , серпілтіп алды. Тренинг барысында оқушылар өз ойларын айтып, көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауаптар алды.

Жиналыс барысында қыз балалардың мектеп формасын сақтауы, мектептің ішкі тәртібі айлы мәселелер кеңінен түсіндіріп өтті.

Оқушыларға мектеп қабырғасында жаман қылықтарға әуес болмауға, мектеп формасын сақтауға, сабаққа уақытылы келуге, жақсы оқу керектігін түсіндіріп өтті.

Қаулы:

1. Оқушылардың мектептің ішкі тәртібі күнделікті қадағалау жұмыстарын сынып жетекшілерге тапсыру.

Мектеп психологі : Г. Аманбекова



Қыздар кеңесінің төрайымы: Л. Искендірова



Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі

«Зорлық – зомбылық» оқушылармен жүргізілген психологиялық тренингтің

Хаттамасы

Қатысқандар:

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары

А.Шарапов

Т.Қайдакешов

Педагог-психологтар

Г.Аманбекова

М.Қонақбаева

Әлеуметтік педагог

Қ.Атажанова

Сынып жетекшілер мен оқушылар

Мақсаты: Оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағұлмат беру. Зорлық – зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Күні: 17.11.2023 ж.

Сынып: 8-11

Жұмыс барысы:

1. «Күн шуағы» жаттығуы. Ұл-қыздардың бойында қандай қасиеттер болу керек?- деп сұрай келе, өз бойындағы қандай жағымды қасиет бар, соны білу және бойындағы жағымсыз қасиеттерден қалай арылу қажет.
2. «Достық торы» жаттығуы. Ұл-қыздардың арасында достық қалыпты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында өз бойларындағы ерекше қасиеттерін айтты. Бір-бірлерін дұрыс түсіну үшін қандай қасиеттерін бойымыздан табылу керек (келісім, сыйластық т.б.) Көптеген қасиетті айта отырып, жіпті бір-біріне лақтырып отырды. Соңында тор шықты, торды «достық торы» деп атап, достығымыз нығая берсін деп қорытындыланды.
3. «Тілек айту» оқушылар бір-біріне жақсы тілек айтып, тренингтік жаттығу қорытындыланды.

Қорытындылай келе: оқушыларға әр адамның өмірі қымбат екені түсіндірілді. Өз өмірін өз сезімін бағалау керек. «Зорлық-зомбылық» тақырыбындағы жаттығуды қорытындылай келе, немістің ұлы ақыны В.Гете серуенге шығарда қалтасына түрлі гүлдердің тұқымын салып шығып, шалғындардан, орманнан өткенде, тауға шыққанда гүл тұқымдарын сеуіп жүруді жаны сүйген. Оның жүрген жерлерінен кереметтей гүлдер өсіп шығатын. Гете сепкен гүл ме, әлде табиғи жолмен өздері көктеді ме, оны білу міндетті емес. Сол сияқты дүниеде зорлық-зомбылық болмаса адам өмірі,

адамзат дүниесі сұлу да әсем болар еді. Оқушылар бір-бірімен жақын танысып, бір-бірлерінің жақсы қасиеттерін білді. Жаттығу басында тұйықталып тұрған оқушылар ашылып, жаттығу соңына қарай белсенділік танытты. Оқушылар алдағы уақытта осындай жаттығулар болып тұрса деген тілектерін айтты. Барлығы қызыға қатысты.

Педагог – психолог:  Г.Аманбекова





ХАТТАМА

2023ж 27 қараша.

Тақырыбы: «Ата-ана махаббаты» тақырыбында ата-аналарға арналған психологиялық тренинг өтті.

Қатысқандар: сынып жетекшілер, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. «Танысайық» тренинг.
2. «Стакан» жаттығуы.
3. Ата-аналарға кеңес!

Тыңдалды:

Мектеп психологтары Г.Аманбекова мен М.Қонақбаева ата-аналармен «Танысайық» тақырыбында тренинг жүргізді. Тренинг барысында – Есімің, жұмыс орның. –Қолыңызда сиқырлы таяқша болса, бойыңызда қандай қасиетті дамытар едіңіз? Неліктен?-деген сұрақтарға жауап беру арқылы ата-аналар өз ойларын ортаға салып, жүргізген жаттығуларда өз ойларын еркін жеткізді. Өз баласына деген мейірімділіктерін, жылы сөздерін ешуақытта балаларынан аямайтындығын жеткізді.

«Стакан» жаттығуы барысында қатысушылардың бойында қандай эмоция пайда болғандығы жөнінде талдау жүргіздім. – Адамның бойында мұндай сезімдер қашан пайда болады? – Оны кім басқарады? – Кейін бұл сезімдер қайда кетеді?- деген сұрақтарға ата-аналар жауап берді. – Сіздің қазір ғана басыңыздан өткізген сезіміңіз бұл – стресс. Бұл шынайы алаңдаушылық, туындаған мәселеге деген реакция және адамдармен қарым-қатынастан пайда болатын сезім, - деп қорытындылады. Үшінші мәселе бойынша ата-аналар презентациядағы кеңестерді көріп, тақырыпты талқылады.

1. Өз балаңды құрметте, баланың еркінен тыс бірнәрсе жасауға мәжбүрleme және басқаларға да жол берме!
2. Егер сіз көршінің баласы зорлық-зомбылыққа және ата-аналарының тарапынан соққыға ұшырағанын білсеңіз, онда ол туралы полицияға дереу хабарлаңыз.
3. Егер балаңыз сіздің күйеуіңіздің оған теріс пиғылы жөнінде айтса, оның сөзіне құлақ салыңыз, күйеуіңізбен сөйлесіңіз, баланы онымен бірге жалғыз қалдырмаңыз, ал егер олардың арасындағы қарым-қатынастар өте тереңге кетсе, ол адамнан айырылысыңыз, балаңыздың бақытынан қымбат нәрсе жоқ.
4. Жыныстық өмірге қатысты балаңызды қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша, сондай –ақ сақтану жөнін де онымен әкесі сөйлесіп, түсіндіруі қажет.
5. Қызға қарама-қарсы жыныстағылармен өзін қалай ұстау жөнінде анасы түсіндіруі қажет.

6. Егер сіз балаңыздың мінез-құлқынан оғаш қылық байқасаңыз, оны мазалап жүрген мәселе жөнінде сөйлесіңіз. Ал ер баламен анасының қатысуынсыз әкесі сөйлескені дұрыс

Жалпы ата-аналардың белсенділіктері жоғары деңгейде.

Мектеп психологтары



Г.Аманбекова
М.Қонақбаева



Хаттама №1

Өткізілген күні : 17.10.2023 ж

Қатысушылар ата-аналар

Сауалнама тақырыбы: «Мектептегі буллинг және кибербуллинг»

Мақсаты: әрбір баланың табысты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, физикалық, Психикалық және психологиялық денсаулығын анықтау

Қатысқаны: 130 ата-ана

Қауіпсіз орта, жайлы мектепті бүгінгі таңда жиі айтылып жүр. Бұның барлығы балалар игілігі үшін бесенеден белгілі. Бала құқығын қорғау дегенде, ойға бірден қорқынышыты қаруға айналған буллинг, кибербуллинг түсетіні анық.

9 сұрақтан тұратын сауалнамаға ата-аналар толықтай жауап берген. 1.Жалпы буллинг, кибербуллинг дегенді қалай түсінесіз. Бұл қалай пайда болады? Әлеуметтік желіде қорлау. Қорқытып, зорлық көрсету деп жауап берген.


2. Қорқытудың қандай түрлерін бөліп көрсетесіз. Және олар мектеп оқушылары арасында қалай көрінеді?-деген сұраққа, қорқытудың түрлеріне ауызша,, физикалық, интернет арқылы қорқыту . Мектеп оқушылары арасында әлсіз немесе қорғансызбалаларға қысым көрсету арқылы көрсету, деп жауап берді.

3. Мектептегі буллингке қарсы тұруда ата-аналардың рөлі қандай?- деген сұраққа ата-ананың рөлі өте маңызды,-деп жауап берді.

8. Қорқыту жағдайларын азайту үшін жасөспірімдерде эмоционалды тұрақтылық пен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға қалай ықпал етуге болады?-деген сұраққа- ол үшін ата-ана өз баласын интернет желісіне кіруге небәрі 30 минут уақыт беру керек. Жаман іс-әрекеттерге бармауын түсіндіру керек.

9.Мұғалімдер мен ата-аналарға қандай ұсыныс бере аласыз? – Отбасында еркін ашық сөйлесуді үйрену, бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлу керек.

Педагог-психологтар

 Г. Аманбекова

 М.Қонақбаева

Нәзір төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейі

2023-2024 оқу жылы

**Буллингтың алдын алуға байланысты жүргізілген
жұмыс хаттамасы**

Өтетін жері: мәжіліс залы

Қатысушы сыныптар: 5-7, 8-11

Күн тәртібінде:

1. Буллинг, кибербуллинг туралы толық ақпарат беріп, оның алдын алу шараларымен таныстыру.

Тыңдалды:

1. Педагог-психолог Г.Аманбекова - Буллинг, кибербуллингтің айырмашылығын кім біледі? Жалпы буллинг және кибербуллинг деген не? Қазіргі уақытта бұл мәселелер өте өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 21 желтоқсан 2022 жылғы №506 бұйрығында буллингтің алдын алу және оны шешу жолдары, жазалау негіздері туралы қарастырылған. Бұл қарапайым әрекеттен үлкен мәселеге қалай айланып кеткенін білдірмейтін мәселе болып табылады. Буллинг, кибербуллинг туралы тек оқушыларға ғана емес, ата-аналарға, мұғалімдерге де кеңестер берілді.

Буллингке ұшыраған жағдайда өзінді қалай қорғауға болады?

1. Буллингтен зардап шеккен болсаңыз:

- Буллинг болған жағдайды өзіңіз сенетін үлкен адамдарға айтыңыз, бұл ұятты жағдай емес;
- Өзіңізге сенімді болыңыз және басыңызды түсірмеңіз! Сіздің кінәңіз жоқ! Буллингте ұйымдастырушы кінәлі.
- Қатыгездікпен кек алуға тырыспаңыз!

2. Егер Сіз қорлаудың куәгері болсаңыз:

- Әрқашан қорлауға қатысудан бас тартыңыз;

- Егер сіз қорлаудың куәгері болсаңыз, осы жағдайды бірден үлкендерге жеткізуіңіз қажет, сынып жетекшісіне немесе психологқа айтыңыз. Сонымен қатар зардап шеккен балаға ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе психологқа айтуына кеңес беріңіз.
- Зорлықты қолдамайтын достарыңызға, сыныптастарыңызға айтып талдауға салыңыз. Егерде барлықтарыңыз қосылып агрессор-буллерге қарсылық білдірсеңіздер, ол да өздеріңізге беріліп, зорлықты тоқтатудан басқа амалы қалмайды.
- Агрессор-буллерге қарсы шығып, ондай әрекеттерін жағымсыздығын білдіру тиіс, сынып жет ережелерін бұзатындығын жеткізу қажет.
- Зардап шеккен сыныптастарыңды жеке немесе көпшілік алдында қолдаңыздар!

Алдағы уақытта да, көптеген жұмыстар жүргізіледі және оқушылардың жүрегіне сенімділік отын жаға беремін деп ойлаймын. Қолында бар дүниенің қадіріне жетуді тағы да бір ескерттік.

Орындаған: Г.М.Аманбекова